



# ЖЕАКЕН

ISSN 0234 — 6818

№ 5 мамыр 1997



«Жас қанат» конкурсының ең жас орындаушысы, көкшетаулық оқушы Жанар Оразалина.

# “ЗАРДИЧА НИСИМ,

# ЗЕЛДОДАРДА БЫСА?!”

*Пөвеңстен үзінді*

Ол шөпілдеген шелекті құдық қақпағына сүйей салып, үй іргесінде жалғыз түп алма ағашына ат басын тіреген қарттын қолтығынан демеп түсірді. Қожайынының қас-кабағын андаған сабалак тәбет те үзак шәуілдемей, марғауыңырыс қыңсылаған беті аттын бауырындағы тоқымдай көленкені паналаган. Тілі аузына сыймай қос өкпесін бірдей ішіне тартып ырсылдайды.

— Құдайдын күні қүйіп-ақ түрбылы. Саятжан, дәу жігіт болдың ба? Келші бермен «мандайыннан иіскейінші. О-о-о... Өзіннің бойын сырқтай сорайп кетіпті ғой. Пәле! Жана мені аттан түсіріп алды емес пе қолтықтап. Эженнің халі қалай? Куатты ма, балам?..

— Аманбысын, Отарбай? Өзін осы жерде бізді «қашан келер еken» деп күтіп жүргеннен саумысын? — Колындағы курай сыпypyрышын табанының астына тастай салған Торғын өзілдей сәлем берген. — Біз де сау-саламатпыш. «Өлмеген құлға тағы, міне, келді жазы». Тірі адам сүйретіліп жүріп тірлігін жасай берсе керек. Шын айтам, өзің көктен түстін бе, жерден шықтың ба? Әлгінде Қамар да бізben бірге келген. «Сен секілді калаңа апталап жатуға шыдамаймын, оның үстіне шалымды сағындым» дейді ол маған. Мал-жан есен бе? Саятжан-ау, анау ағаштың көленкесіне көрпеше төсеп жібер. Шәугімнің астындағы шоғынды кузап... Ой, балам... кайдасың?..

Төнірегіне таңырқай жанар жүгірткен Торғын шешей карандыда көзі байланған жанша тұрган жерінде үн-түнсіз тыптырлады да қалды. Сонда ғана байлаулы Найзакуренде шешіп алып, шылбырынан жетектеп құлаған тамның шөккен балшық кабыргасына тақата қойып, үстіне міне алмай әүреге түсken Саятты көрген Отарбай:

— О, кұлыншак, атқа мінгісі келген де. Басқа не ермегі бар

мына жұтаған жұртта, — деп күбірледі. — Менің де Рәшилтім естіп жүрсейші...

Әлденеше мәрте серпіле үмтұлған Саят аттың екінші жағына ауып кете жаздал барып бойын әрен тіктеген. Тізгінді іркіп кері бүрүлған ол:

— Ата, Кіші Аккүм жакқа барып қайтайыншы, — деді.

— Қатты жүрме, балам. Ыстықтың беті әлі қайтқан жок.

— Саятжан-ау, алынса үзами. Шабамын деп құлап қалмагайсын. Байқашы өзін. — Бәйек болған ол жұмсак токаштарын Отарбайдын алдына рет-ретімен қоя бастады. — Шайды сүтсіз ішесің енді. Колың тисе кешіктірмей Рахидағы қызыл ала сиырымды жеткізіп бергейсін. Жаздай ақсыз қалай отырамыз. Саяттым да айран ішсін бүйірі шығып...

— Айтпакшы Торғын-ау, тарсесімнен шығып кетіпті. Бағана кемпір терміске сүт құйып берген сықылды еді. Саятжан менің коржынымды қайда тастады еken. Колына үстактан едім. Е...е... Әне... шелекке сүйеп қойыпты...

— Әй, балам-ай! Қойған жерін карашы. Судың үстіне тастай салыпты, — деп орнынан жүрелей түрегелген Торғын коржынды саусағымен іліп көтерген болды. — Мынауың өзі зілбатпан ғой. Ишіне тас тығындаپ алғансың ба?

— Сені аштан қалатында, әлті кісінің істеп жүргені. Шайымды да шала ішкізіп, «тездетіп барып кел» деп дамылдатпаған. Тіпті қаладағы балалардың жағдайын да тәттіштеп сұратпады. Кейінгі кезде мұлдем мазасыз. Мінезі де өзгеріп, шыдамсыз бол барады...

— Бәсе, бәсе... Қамар барған бойда жөпелдетіп жіберген тәрізді. Өзіннен баска кім бар жұмсайтын. Шүкір де... Карға адым жер мүн болып төсегінін маңынан үзай алмағаннан құдай сақтасын.

Кесесін дастарханың шетіне жылжыткан Отарбай ілкі сөт үндемей, маңайына күн сала сүзіле көз тікті. Көкжиекпен

астасқан Кілтбай құмы тым жырактан қарауытып шалынады. Қарсы беттегі Жанаөндіріс ауылының орнын көрсетіп: «бұл жерде осыдан он жыл бұрын сүттей үйіған ел болған»... деңгендей жалғыз түп бәйтерек апанаңық көрінеді. Енді міне, көрші ауылдың кейпіне түскен ыстық мекеннің қазіргі ұсыныс з келбеті мынау. Айналдырған бес алты жылдың бедерінде тозтозы шығып мұлтіп түр. Эйтеуір, жыл сайын немересін жетектеп Торғын келеді жыл құсындаі. Қара орманың қимайды-ау... Қайтсін, өскен-өнген, ұшкан ұясы емес пе?!

Тенізден лекіген майда самал мандайынан жұп-жұмсақ өлеңшөптің үкіжелпуішіндей сипап өтті...

Кеудесін кере орнынан ширапқ көтерілген Отарбай:

— Әлгі бала кешікті гой, — деді зілзал үнмен.

— Апырмай, бір жерде құлап, мертігіп қалмаса, — деді Торғын шырылдап.


— Қорықла!.. Аты жуас... Со немен суға түсіп жүрмесе рахаттанып... Сағынған шығар...

Әр сөзін нығырлай, ойын үзіп-үзіп жеткізген карт жүрегі шын мәнінде алансызы еді.

Мұны жан-дуниесінен сезген Торғын шешейдін қабағы да лезде жадырап коя берді.

\* \* \*

...Найзакүренге конжиган Саяттын бойымен бірге ойы да өсіп шыға келгендей. Алаканына уыстап жинап алған жүгенді екі-үш мәрте серпіп, өкшесімен аттын бүйірін әлсін-әлсін нұқып кояды. Шоқырақтай жөнелген Найзакүрен үйреншікті аянжелісіне басқан. Әбден арса-арсасы шығып мұжіліп құлаған үйлердің қанқалары қос қапталында бірінен соң бірі қалып жатыр, қалып жатыр. Тіпті қайсыбір тамдардын там-тұм жүрнектары болар болмас білінеді. Жермен-жексен үйлердің орындарын айтқызбай танып отыр. Он жакта қалған шаршы-шаршы үйінділер Қамибек балыкшы мен Базархан мұғалімнің



үйлерінің калдықтары. Неге екенін білмеймін аяғын сұлтып басатын, қабағы катулы Базархан ағайды бүкіл ауылдың ұлкен-кіші «Мұғалім» деп атайды. Менін әжем мен атамның өздері о кісінің есімін ауыздарына алмайтыны түсініксіз. Үнемі «Мұғалім» деп отырады. Ел іргесін сөгіліп, ауыл тарап жатқанда Балқаш қаласының түбіндегі Конырат деген жерге ұлкен қызының колына қошіп кетіпті. Содан бірнеше жыл өткеннен сон, ауылды сағынып жалғыз өзі шойнандаған келгенде, әжем боларда-болмай жеткеп Токметбай бастықтың үйіне апарып Мұғалім атайды сәлем бергізген. «Берік болынның тұнғышы де, дәу жігіт бол! Сенін әкендер зінгіттей бол кетсе де, осы уақытқа дейін бас киімдерін шешіп, сонарайдан сәлем береді» деп мәз болған Мұғалімнің түрі әлі есімде. Өмірімде мен оны бір-ак рет көрген едім...

Сол жақтағы қатар тұрған екі үйдің есік-терезелері үнірейіп-үйірейіп корқынышты шалынады. Шатырлысы Токметбай бастықтың, ал іргесіндегі Мәшімбай атамың үйі болатын. Екеуі де бертінге дейін ешқайда жылжымай отырып алған еді. Енді міне, көрдіңіз бе, иелері қошіп кеткен үйлердің сұрқын. Жыландар мен жарқаннатор мекеніне айналған олардың касынан жүргін келмейді. Аядай ауылдың сыртындағы ескі қыстактың бұдан бұрынғы бейнесін бүгінде көз алдына елестете алмайсың-ау. Аз уақыттың ішінде құм басып тастаған. Саят атының басын баяу ғана ірікті. Қоңіл іркіттей бұзылды. Жұлгелене жалжал үйліп жаткан мына қалың құмның астында Ділдә апам мен Үйсінбай шалдың үй-жайы, қорапқосысы болған дегенге кім сенеді?! Айтпақшы, Ділдә апамның катын алған сомадай ұлы Серікбай ағамның өксіп-өксіп жылағаны-ай! Тура күні кешегідей есімде. Неге ұмытайын. Тіпті, жылап бара жатып айтқан өні де сол күйі құлағымның түбінде жанғырады. Сондағы өлөні «Ауылым» екен фой. «Жуасы мен жусаны бұркыраған ауылым... Кайтып айна-

лып келгенше кош, аман бол!..» Қызық, ұлken адам да жылайды ма, — деп ойлағам мен ештенені түсінбей. Сөйтсем көзінің жасын көрсетпеген Ділдә апам іштей езіле егілгенге ұксайды. Оларды ұзаққа, алысқа кеткен шығар десем, теніздін арғы бетіндегі Каракұмға қошкенін кейін білдім. Өйткені, көп ұзамай аяқ астынан кайтыс болған Серікбай ағамның казасына әжем кемемен барып келді. Апамның бар айтқаны: «Тұған ауылының топырағы да бұйырмады. Жүргегі білген-ау...».

Әжемдікі дұрыс. Егер біз де калаға мүлдем қошіп кетсек иесіз үйіміз қанырап қалады екен гой. Сонда үймен бірге ауызғы бөлмедегі карлығашымның үясы да быт-шыты шыға ма?! Жок! Ж-о-о-к!. Апам дұрыс айтады. Был калаға қайтпай ауылда қыстаймыз... Иә, ескі жұрт та... Жалғыз үйде, атамың үйінде...

«Шошқалы» көліне қалай тез жетіп келгенін анғармаған Саят жан баспаған ну камыстың арасына сұнғы ілгері жүрді. Балауса құракты бырт-бырт шайнаған атының ауыздығын мойнын созып ағытқан Саят Найзакуренге жалдатып барып су ішкізген. Октын-октын басын көтеріп қойып сусаған қүрениң кербез қылышына төзімі таусылған ол атын тебініп кері бұрылды. Қамыс арасындағы қалың маса талап, одан бетер шыдатпаған. Әлгінде пысынап шешіп алған женсіз жейдесін жалма-жан ат үстінде қайта киді. Кіци бойы құрактың үпелек шырпысынан желпуіш жасап алды. Бетаузын, кол-аяғын сабалай шалғынды жағаға зорға шыкты, әйттеуір.

Атын жынылдың қоленкесіне байлаған ол біреу қарап тұрғандай шоқ қамысты тасалана шешініп суға қойып кетті. Мойның қылтитып біраз тұска жеп-женіл қалқып барған бала ұлкендерге елікеп кос қолын жогары көтеріп бой бойлады. «Әп дегенде аяғымның үшы су түбіне тиетін шығар». Жок, керісінше сұнгіген жері терең екен. Төмендеген сайын су түбі мүп-мұздай бол кос өкпесін қыса түскендей, тынысы тарыл-

ған. Аяғын тырбындағып байкастап еді, екі сирағына бірдей балдыры оралып жылжытпай қойды. Әлтіндегі ойы ізім ғайым жоғалған. Жүргегі аузына тығылған Саят ентіге жағалауға қарай жан-дәрмені шыға жүзді. Іле-шала табанын майдада батпакқа тіреген онын «Ун» деген үні өрен естілді. Басықозін, бүкіл денесін жап-жасыл балдыры мен жылбысқы шайыр шөп шырмап тастаған ол су жиегіне ілінген бетте сүріне-қабына құлаған. Ентігін баса алмай, екі көзін тас қып жұмған күйі тып-тыныш қозғалмай жатты. Әлден кейін барып көзін сыйырайта көл бетіне сүзіле жанар жүгіртті. «Қандай тұнғиық. Тіпті, жағасының өзінде бой жок. Шөп-шаламға оранып батып кете жаздадым емес пе?! Ертеректе колхоздың бір үйір жылқысы батпактап өлген «Шошқалы» көлің осы. Ауыл ақсакалдарының айтқан сөзі есіне оралды. «Бұ қөлге байқап шомылмаса болмайды. Жағалауы тіл-тік жарлауыт, әрі терең-ақ. Караптал тасыған жылдары суы әсте ортаймай қысы-жазы жатады шалқып...» Басына ұлаған үркек ойларды қарсы беттегі жыныс камыс тоғайынан естілген барылдақ үйректің дауысы әлем-таптырық бұзып жіберді. Оған қосыла қытқыттаған жұп-жұп қасқалдақтар айдын бетіне ойнектап шыға келді. Су сыйып ерсілі-қарсылы жүзген канаттылар айна қөлдің тұстұсынан қарауытып, қатарларын көбейте түсін. Қоленке басы ұзырып, кешкі салқын самал майдада толқындарды оята бастағандай. Аптап ыстықта аз-кем дамылдап алған кешкі құс базары біріне-бірі ұласар шақ Саяттың қиялына қанат бітірген. Ол үсті-басын шайып, асығыс-үсігіс Найзакуренке қайта қонды. «Қап, әбден кешіктім-ау?! Әжем іздеп жатқан шығар. Бәрінен бұрын Отарбай атаманан үят болды-ау. Ұрысатын шығар...»

Бойын бір өкініш, бір үміт билеген Саят өз-өзінен:

— Суға кетіп кала жаздағанымды айтпай-ақ қояйын, — деп ызығта жөнелді...

(Жалғасы бар).